

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы « ____ » _____
№ _____ бұйрығымен бекітілген

**COVID-19 коронавирустық инфекциясы пандемия кезеңінде
жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгібілім беру
ұйымдарында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру
бойынша ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

**I бөлім. 2019/2020 оқу жылында ЖЖОКҰ аралық және қорытынды
аттестацияны жүргізудің қысқаша алгоритмі**

1. Аралық аттестаттау

Басты қағида	ЖЖОКБҰағымдағы емтихандар қашықтық форматта жүргізіледі және ЖЖОКБҰағымдағы емтихандарды өткізу нысанын дербес анықтайды
Емтиханды өткізудің мүмкін нысандары	<p>LMS немесе басқа жүйелер арқылы жазбаша емтихан</p> <p>Ауызша онлайн емтихан (Zoom, WebexMeetings, MicrosoftTeamsжәне т.б.)</p> <p>«Ашық кітап» көмегімен жүргізілетін емтихан (take-home open book exam) –үй жағдайында жобалар орындау</p> <p>LMS немесе басқа жүйелер арқылы алыстан тестілеу</p> <p>Zoom, Microsoft Teams, YouTube және т.б. платформалар базасында шығармашылық емтихан.</p>
Емтихан мерзімін ауыстыру	<p><i>Емтихан мерзімін ауыстыру мүмкін болатын жағдайлар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - емтиханды қашықтықтан форматта өткізу мүмкін емес болуы (ЖЖОКБҰпрактикалық базасында ғана орындалатын емтихан, кейбір пәндердің ерекшелігі); - білім алушының толық техникалық құралдары жоқ болуы және (немесе) Интернет желісі қолжетімсіз; - ЖОО академиялық саясатына өзгерістер енгізілген болса; - білім алушының стационарлық емделуде немесе провизорлық карантинде болуы. <p><i>Емтихан мерзімін ауыстыру келесі жолмен жүзеге асырылады:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - ЖЖОКБҰшешімімен; - білім алушының жеке өтініші бойынша.

	<p><i>Бағалау саясаты:</i> «І» -«пән аяқталмаған» уақытша бағасын қолдану мүмкіндігі</p> <p><i>Емтиханды ауыстыру мерзімін</i> («І» бағасын дәстүрлі әріптік бағаға ауыстыру үшін) ЖЖОКБҰ дербес тағайындайды, тек бұл мерзім 2020 жылғы 30 маусымнан кейін болмауы керек</p>
<p>Емтиханды қол жеткізілген жетістіктердің жиынтық бағалаумен алмастыру</p>	<p><i>Емтиханды алмастыру мүмкін болатын жағдайлар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - емтиханды қашықтықтан форматта өткізу мүмкін емес болуы (ЖЖОКБҰ практикалық базасында ғана орындалатын емтихан, кейбір пәндердің ерекшелігі); - білім алушының толық техникалық құралдары жоқ болуы және (немесе) Интернет желісі қолжетімсіз <p><i>Емтиханды алмастыру келесі жолмен жүзеге асырылады:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - ЖЖОКБҰ шешімімен емтихан «жиынтық бағалаумен» алмастырылатын пәндер тізімін ЖЖОКБҰ дербес анықтайды; - білім алушының жеке өтініші бойынша. <p><i>Бағалау саясаты:</i> Емтихан «жиынтық бағалаумен» алмастырылған пән бойынша қорытынды баға ағымдағы академиялық кезең барысында ағымдағы және (немесе) межелік бақылау тапсырмаларын орындауда алған баллдарының орташа мәні ретінде анықталады</p>
<p>Мемлекеттік грант және тапсырыс негізінде білімі алатын білім алушылар үшін стипендия</p>	<p>2019-2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясының нәтижелері бойынша Мемлекеттік стипендия Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларына сәйкес төленеді</p>
<p>Пәнді қайта оқу</p>	<p>Білім алушының толық техникалық құралдары жоқ болуы және (немесе) Интернет желісі қолжетімсіз болуы себебінен пәнді толық игере алмаған немесе тапсырмаларды толық орындай алмаған жағдайында, ЖЖОКБҰ пәнді келесі академиялық кезеңде емтихан тапсыру құқығымен қайта оқу мүмкіндігін бере алады. Пәнді қайта оқу білім алушының жеке өтініші бойынша жүзеге асырылады.</p>

2. Қорытынды аттестаттау

Басты қағида	Диплом жұмысын (жобасын) / магистерлік диссертацияны (жобаны) қорғау міндетті, кешенді емтихан нысанын ЖЖОКБҰ дербес анықтайды
Кешенді емтиханды өткізудің мүмкін нысандары	<p>LMS немесе басқа жүйелер арқылы жазбаша емтихан</p> <p>Ауызша онлайн емтихан (Zoom, WebexMeetings, MicrosoftTeams және т.б.)</p> <p>«Ашық кітап» көмегімен жүргізілетін емтихан (take-home open book exam) – үй жағдайында жобалар орындау</p> <p>LMS немесе басқа жүйелер арқылы алыстан тестілеу</p> <p>Zoom, Microsoft Teams, YouTube және т.б. платформалар базасында шығармашылық емтихан.</p>
Кешенді емтихан мерзімін ауыстыру	<p><i>Кешенді емтихан мерзімін ауыстыру мүмкін болатын жағдайлар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - емтиханды қашықтықтан форматта өткізу мүмкін емес болуы (ЖЖОКБҰ практикалық базасында ғана орындалатын емтихан, кейбір пәндердің ерекшелігі); - білім алушының толық техникалық құралдары жоқ болуы және (немесе) Интернет желісі қолжетімсіз; - ЖОО академиялық саясатына өзгерістер енгізілген болса; - білім алушының стационарлық емделуде немесе провизорлық карантинде болуы. <p><i>Емтиханды ауыстыру мерзімін ЖЖОКБҰ дербес тағайындайды, тек бұл мерзім 2020 жылғы 30 маусымнан кейін болмауы керек</i></p>
Кешенді емтиханды қол жеткізілген жетістіктердің жиынтық бағалаумен алмастыру	<p>Қорытынды аттестаттауды кешенді емтихан түрінде өткізу немесе білім алушының кешенді емтиханға қатысуы (Интернет желісіне қолжетімсіз немесе т.б.) мүмкін болмаған жағдайда ЖЖОКБҰ кешенді емтиханды базалық және кәсіптендіру пәндері бойынша қойылған бағалар негізінде жиынтық бағалаумен алмастыра алады. Кешенді емтиханды қол жеткізілген жетістіктердің жиынтық бағалаумен алмастыру білім алушының жеке өтініші бойынша жүзеге асырылады.</p>

II бөлім. 2019/2020 оқу жылында ЖЖОКУ аралық және қорытынды аттестацияны жүргізудің алгоритміне түсініктеме

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Әдістемелік ұсыныстар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 17657 тіркелген) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) қызметінің үлгілік қағидаларының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 6976 тіркелген) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 17669 тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім МЖМС, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» бұйрығы және Қашықтықтан оқыту бойынша ЮНЕСКО ұсыныстары негізінде әзірленген.

2. ЖЖОКБҰ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын қашықтықтан форматта іске асыруды қамтамасыз етеді.

3. ЖЖОКБҰ білім алушылар мен педагогтарға қашықтықтан оқыту технологияларына, соның ішінде оқытуды басқару жүйелеріне (LMS), сандық репозиторийлерге, онлайн сабақтарды өткізуге, тапсырмаларды электронды түрде толтыруға және тапсыруға, білім алушылардың жұмыстарын сілтемесіз көшіруін тексеруге арналған жүйелерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқытудың техникалық құралдарын таңдауды ЖЖОКБҰ дербес анықтайды.

4. ЖЖОКБҰ LMS және басқа қолданбалы технологияларды пәндер материалдарымен (силлабустар, білім алушыларға арналған тапсырмалар, әдебиеттер, видео дәрістер, анықтамалық ақпарат) толтыруды, білім алушылардың жұмысын уақытылы тексеруді және онлайн сабақтарын өткізуді қамтамасыз етеді.

5. ЖЖОКБҰ қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану ретін әзірлейді, бағалау саясатын, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібін анықтайды, оларды білім алушылар мен педагогтарға хабарлайды, ЖЖОКБҰ сайтында (веб-бет) жариялайды..

6. ЖЖОКБҰ оқу процесіне уақытылы техникалық қолдау көрсетеді, оның ішінде онлайн режимінде синхронды қатысуы шектеулі жағдайдағы білім алушылардың жағдайын ескеру үшін асинхронды және икемді тәсілдерді қолдану мүмкіндігін қарастырады.

7. ЖЖОКБҰ-ға мүгедектігі бар және халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына жататын білім алушыларға қашықтықтан оқыту технологияларымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау ұсынылады. Пандемия кезінде осындай санатқа жататын білім алушылар үшін ЖЖОКБҰ техникалық құралдарын тегін уақытша пайдалануға мүмкіндік беру ұсынылады.

8. ЖЖОКБҰ білім алушылар мен педагогтарды қашықтықтан оқыту кезінде қолдау үшін психологтар мен басқа мамандарды тарта алады.

9. ЖЖОКБҰ деректерді немесе білім беру ресурстарын веб-кеңістіктерге жүктеу кезінде, сондай-ақ оларды басқа ұйымдар мен жеке адамдарға беру кезінде қауіпсіздік деңгейін бағалауы керек. ЖЖОКБҰ қосымшалар мен платформаларды пайдалану білім алушылар мен педагогтардың мәліметтерінің құпиялығын бұзбауды қамтамасыз етеді.

2. Аралық аттестацияны жүргізутәртiбi

10. Білім алушылардың ағымдағы оқу үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртiбiн ЖЖОКБҰ өзінің академиялық саясатына және бағалау саясатына сәйкес анықтайды.

11. ЖЖОКБҰ білім алушылардың белгілі бір пән бойынша оқу нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау үшін, LMS және басқа қолданбалы қашықтықтан оқыту технологияларды қолданып аралық аттестаттауды жүргізуді қамтамасыз етеді.

12. ЖЖОКБҰ аралық аттестаттауды жүргізу нысандарын дербес анықтайды.

13. ЖЖОКБҰ білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау үшін LMS немесе басқа жүйелерге жүктелген жазбаша жұмыстарды тексерумен шектелмей, әртүрлі тәсілдер қолдану, соның ішінде онлайн форматта жүргізілетін ауызша және шығармашылық емтихандар, алыстан тестілеу, «Ашық кітап» көмегімен жүргізілетін емтихан (take-home open book exam) және басқа нысандарда емтиханды ұйымдастырылу ұсынылады.

ЖЖОКБҰ пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалауға әкелетін аналитикалық, функционалды және басқа да ағымдағы тапсырмаларды және оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін шығармашылық, сыни, бақылау тапсырмаларының әртүрлерін қолдануды қарастыруы керек.

14. ЖЖОКБҰ ерекше жағдайларда емтиханды ағымдағы және (немесе) межелік бақылау нәтижелері негізінде қол жеткізілген жетістіктердің жиынтық бағалауымен алмастырылуы мүмкін:

- емтиханды қашықтықтан форматта өткізу мүмкін емес болуы (ЖЖОКБҰ практикалық базасында ғана орындалатын емтихан, кейбір пәндердің ерекшелігі);

- білім алушының толық техникалық құралдары жоқ болуы және (немесе) Интернет желісі қолжетімсіз.

Емтихан «жиынтық бағалаумен» алмастырылатын пәндер тізімін ЖЖОКБҰ дербес анықтайды.

Емтиханды алмастыру ЖЖОКБҰ шешімімен, білім алушының жеке өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Емтихан «жиынтық бағалаумен» алмастырылған пән бойынша қорытынды баға ағымдағы академиялық кезең барысында ағымдағы және (немесе) межелік бақылау тапсырмаларын орындауда алған баллдарының орташа мәні ретінде анықталады.

15. Келесі жадайларда ЖЖОКБҰ емтихан тапсыру мерзімін ауыстыра алады:

- емтиханды қашықтықтан форматта өткізу мүмкін емес болуы (ЖЖОКБҰ практикалық базасында ғана орындалатын емтихан, кейбір пәндердің ерекшелігі);

- білім алушының толық техникалық құралдары жоқ болуы және (немесе) Интернет желісі қолжетімсіз;

- ЖОО академиялық саясатына тиісті өзгерістер енгізілген болса;

- білім алушының стационарлық емделуде немесе провизорлық карантинде болуы.

Емтихан мерзімін ауыстыру ЖЖОКБҰ шешімімен және (немесе) білім алушының жеке өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, егер білім алушы оқу бағдарламасына (силлабусқа) сәйкес талаптардың бәрін орындағанымен, техникалық құралдары немесе Интернет желісіне қол жетімділігі болмауы себебінен аралық аттестаттауға қатыса алмайтын жағдайында, оған «I» бағасы қойылуы мүмкін.

Емтиханды ауыстыру мерзімін (соның ішінде, «I» бағасын дәстүрлі әріптік бағаға ауыстыру үшін) ЖЖОКБҰ дербес тағайындайды, тек бұл мерзім 2020 жылғы 30 маусымнан кейін болмауы керек.

16. Оқу нәтижелеріне қол жеткізілуін қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы бағалау мүмкін емес жағдайларда (мысалы, білім беру ресурстарына қол жетімділіктің жоқтығы, зертханалық және басқа шарттарда алынған жалпы медициналық білім және / немесе практикалық негізде алынған практикалық дағдыларды дамыту мүмкін еместігі), төтенше жағдай кезінде білім алушының жеткілікті техникалық құралдары және (немесе) Интернетке қол жетімділігі болмауы себебінен оның пәннің мазмұнын толық меңгеруге және тиісті тапсырмаларды орындауға мүмкіндігі болмаған болса, ЖЖОКБҰ пәнді келесі академиялық кезеңде (соның ішінде, жазғы семестрде) емтихан тапсыру құқығымен қайта оқу мүмкіндігін бере алады.

Пәнді қайта оқу білім алушының жеке өтініші бойынша жүзеге асырылады.

3. Қорытынды аттестацияны жүргізудің жалпы тәртібі

17. Білім бағдарламасын игеру қорытынды аттестаттаумен аяқталады, қорытынды аттестаттау дипломдық жұмыс (жоба) жазу және қорғау түрінде немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру түрінде жүргізіледі.

18. Қорытынды аттесттау мақсаты жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын зерделеу аяқталғаннан кейін алынған білім нәтижелерін және негізгі құзыреттерді бағалау болып табылады.

19. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін ЖЖОКБҰ -да аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) құрылады және оның отырыстары қашықтықтан оқыту технолгияларын қолданып өткізіледі. ЖЖОКБҰ комиссия отырыстары өткізілетін техникалық құралдарды дербес анықтайды.

20. Аттестаттау комиссияның құзыретіне төмендегілер кіреді:

1) білім беру бағдарламалары белгілеген талаптарға сай бітіруші мамандардың теориялық және практикалық даярлығы сәйкестігінің деңгейін тексеру;

2) бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр», «магистр» дәрежесін тағайындау;

3) кадрлар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

21. Аттестаттау комиссиясы отырысының ұсынылатын ұзақтығы күніне 5 сағатқа дейін.

22. Дәлелді себептермен қорытынды аттестаттауға келмеген білім алушыкомиссия төрағасы атынаеркін түрде электрондық өтініш жазады, себептердің дұрыстығын растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен комиссия отырысының келесі күні қорытынды аттестаттаудан өтеді. Комиссияның қайта отырысы өтетін күнді комиссия өзі анықтайды.

23. Қорғау кезінде техникалық ақаулар орын алуы себебінен аттестаттау мүмкін болмаған жағдайда, білім алушыға қорытынды аттестаттаудан өтуге басқа уақыт ұсынылуы мүмкін. Бұл жағдайда техникалық хатшы техникалық ақаулар туралы электрондық акт жасайды және сол күні актінің көшірмесін комиссияның барлық мүшелеріне жібереді.

24. Қорытынды аттестаттауды қашықтықтан форматта өткізу мүмкін емес болған (мысалы, ЖЖОКБҰ практикалық базасында ғана өткізілуін қажет ететін немесе т.б.) жағдайларда:

-қорытынды аттестаттау мерізімі2020 жылғы 30 маусымнан дейінгі басқа мерзімге ауыстырылуы,

-сондай-ақ, базалық және кәсіптендіру пәндері бойынша қойылған бағалар негізінде жиынтық бағалаумен алмастырылуы мүмкін.

25. Бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

26. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ диплом жұмысын (жобасын),

магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға, қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

4. Дипломдық жұмысты (жобаны) / магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау және қорғау

27. Дипломдық жұмысты (жобаны) / магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау ғылыми жетекшінің жетекшілігімен және олардың өзара байланысы қол жетімді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылады.

28. Дайындалған дипломдық жұмысын (жобаны) білім алушылар плагиатты анықтау жүйесіне жүктейді және ғылыми жетекшісі және / немесе ЖЖОКБҰ жауапты қызметкері заңсыз қолданған көшірмелерді анықтау үшін тексеруден өткізеді.

29. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, онлайн режимінде жүзеге асырылады. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау уақытын ЖЖОКБҰ дербес анықтайды және білім алушылардың назарына уақтылы жеткізіледі.

Дипломдық жұмысты (жобаны) бойынша баяндамасының мазмұндауы жазылған видеоны ұсыну арқылы офф-лайн режимінде қорғауға да рұқсат етіледі.

30. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау кезінде білім алушы экранды көрсету режимінде презентациясын көрсетеді, камера алдында комиссия мүшелеріне баяндама жасайды және комиссия мүшелерінің ауызша сұрақтарына жауап береді. Техникалық проблемалар туындаған жағдайда білім алушыға жазбаша сұрақтар қойылады. Бұл жағдайда комиссия мүшелерінің сұрақтарын техникалық хатшы оқиды. Білім алушы ауызша немесе жазбаша жауап береді.

31. Дипломдық жұмысты(жобаны) қорғаудың үзіліп кетуі орын алса, білім алушы оны жалғастыру туралы өтінішпен дереу техникалық хатшыға жүгінеді. Комиссия қорғауды жалғастыру немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

32. Білім алушыға сөйлеуге (баяндама жасауға) 7-10 минуттан артық уақыт берілмейді.

33. Бір білім алушының қорғауының жалпы уақыты, оның ішінде ауызша баяндама жасау және комиссияның сұрақтарына жауаптар беруі 15 минуттан аспайды.

34. Қорғау нәтижелері бойынша комиссия осы әдістемелік ұсыныстарға сәйкес білім алушыны бағалайды.

5. Қашықтықтан форматта кешенді емтиханды (оның ішінде «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды) ұйымдастыру тәртібі

35. Кешенді емтиханды өткізу нысанын ЖЖОКБҰ дербес анықтайды.

36. ЖЖОКБҰ кешенді емтиханды LMS немесе басқа жүйелерге жүктелген жазбаша жұмыстарды тексерумен шектелмей, әртүрлі тәсілдер қолдану, соның ішінде онлайн форматта жүргізілетін ауызша және шығармашылық емтихандар, алыстан тестілеу, «Ашық кітап» көмегімен жүргізілетін емтихан (take-home open book exam) және басқа нысандарда ұйымдастыру ұсынылады.

37. Жазбаша емтихан болған кезде ЖЖОКБҰ тапсырманы LMS немесе ЖЖОКБҰ пайдаланатын басқа жүйелерге жүктейді және сұрақтарға жауап беруге және (немесе) жазбаша тапсырманы (кейсті) орындауға уақыт береді, ол кемінде 2 академиялық сағатты құрауы керек.

38. Онлайн режимде ауызша жүргізілетін кешенді емтихан білім алушының пайдаланылған техникалық құрылғы камерасының алдында тікелей микрофон арқылы комиссияның сұрақтарына жауап беру мүмкіндігімен жүзеге асырылады.

39. Техникалық проблемалар туындаған жағдайда білім алушыға жазбаша сұрақтар қойылады. Бұл жағдайда комиссия мүшелерінің сұрақтарын техникалық хатшы оқиды. Білім алушы ауызша немесе жазбаша жауап береді.

40. Кешенді емтихан процесі үзілген жағдайда білім алушы дереу техникалық хатшыға оны жалғастыру туралы өтінішпен жүгінеді. Комиссия кешенді емтиханды қайта жалғастыру немесе аяқтау туралы шешім қабылдайды.

41. Қорытынды аттестаттауды кешенді емтихан түрінде өткізу немесе білім алушының кешенді емтиханға қатысуы (Интернет желісіне қолжетімсіз немесе т.б.) мүмкін болмаған жағдайда ЖЖОКБҰ кешенді емтиханды базалық және кәсіптендіру пәндері бойынша қойылған бағалар негізінде жиынтық бағалаумен алмастыра алады. Кешенді емтиханды қол жеткізілген жетістіктердің жиынтық бағалаумен алмастыру білім алушының жеке өтініші бойынша жүзеге асырылады.

6. Прокторинг және академиялық адалдықты сақтау

42. Білім алушыны және аттестаттау комиссиясының мүшелерін сәйкестендіру қорытынды аттестаттауға дейін 30 минут бұрын жүзеге асырылады.

43. Техникалық хатшы білім алушының жеке басын сәйкестендіру жүйесі арқылы немесе алдын-ала алынған жеке куәліктің немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесінің көмегімен білім алушының видеодағы бейнесімен салыстыру арқылы анықтайды.

44. Білім алушының жанында жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болуы керек. Комиссия төрағасы мен мүшелерін сәйкестендіруді кафедра меңгерушісі (деканға) осыған ұқсас жүргізеді.

45. Білім алушының үйіндегі сынақ тапсыру орнын дайындау қорытынды аттестаттау рәсімі басталғанға дейін жүзеге асырылады. Аттестанушы бөлмеде жалғыз болуы керек. Қорытынды аттестаттау үшін қолданылатын құрылғыларды қоспағанда, басқа электрондық құрылғылар болмауы керек.

46. Білім алушы қорытынды аттестаттау кезінде өзі тұрған бөлмені онлайн режимінде көрсетеді. Егер бөгде заттар табылса, білім алушы оларды бөлмеден шығарады. Талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда қорғау тоқтатылады, комиссия өз шешімімен қорытынды аттестаттауды тоқтата тұрады немесе қорытынды аттестаттауды аяқтайды.

49. Білім алушы қорытынды аттестаттау процесін бақылауды қамтамасыз ететін LMS немесе басқа қашықтықтан оқыту жүйесіне өзінің логині мен паролін пайдаланып қосылады.

50. Лицензиясы бар прокторинг жүйесін пайдалану ұсынылады.

51. Прокторинг жүйесі болмаған немесе оны пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда ЖЖОКБҰ білім алушының өз бетінше қорытынды аттестаттаудан өтуін қадағалайтын проктор тағайындайды.

52. Қорытынды аттестация барысынжа видеожазба жүргізіледі.

53. Қорытынды аттестация барысында білім алушы веб-камераның көріну зонасынан алшақтамауы керек.

54. Білім алушыға емтихан кезінде үшінші тұлғаларды тартуға және (немесе) электрондық құрылғыларға рұқсаты жоқ адамдарға қол жетімділікті беруге тыйым салынады.

55. Қорытынды аттестаттау кезінде білім алушы және (немесе) комиссия мүшесі академиялық адалдық принциптерін бұзған жағдайда, ЖЖОКБҰ академиялық саясатына сәйкес шаралар қабылданады.

7. Қорытынды аттестаттау кезіндегі бағалау тәртібі

56. Комиссия бағаны онлайн-сауалнаманы (Google немесе басқа да ұқсас нысандарды) пайдалана отырып қояды.

57. Әр білім алушы үшін онлайн режимінде сауалнама нысаны дербес жасалады және комиссия мүшелеріне білім алушыға бағалауды бір рет таңдауға мүмкіндік береді.

58. Бағалауға арналған Google нысанын пайдалану туралы егжей-тегжейлі нұсқауларды мына сілтеме бойынша алуға болады: <https://youtu.be/qRjEuiDARFE>.

59. Дәрежелер беру үшін дауыс беру рәсімі жасырын немесе комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен алқалы талқылау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

60. Техникалық хатшы комиссия мүшелерінің дауыстарын санауды жүргізеді және тіркейді. Дәрежені беру туралы дауыс беру Google нысанын немесе басқа ұқсас нысандарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

8. Қорытынды аттестаттау нәтижелерін жариялау

61. Кешенді емтихан рәсімі аяқталғаннан кейін немесе дипломдық жұмыс (жоба) / магистрлік диссертация (жоба) қорғау процедурасы аяқталғаннан кейін қорытынды аттестаттау нәтижелері жарияланады.

62. Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері бойынша хаттама жасалады, оған комиссия төрағасы мен техникалық хатшысы қол қояды. Бұл жағдайда техникалық хатшы дауыс беру нәтижелері туралы ақпаратты сақтайды және хаттаманың электрондық нұсқасы комиссияның барлық мүшелеріне жіберіледі.

63. Комиссия төрағасы білім алушыларды қорытынды аттестаттау туралы есеп дайындайды.

9. Қорытынды аттестаттау нәтижелеріне апелляция

64. ЖЖОКБҰ білім алушылардың апелляцияға өтініш беруінің ақылға қонымды мерзімін ұсынады, аралық аттестаттау нәтижелері жарияланған күннен бастап кемінде 2 жұмыс күні болуы керек.

65. Апелляцияға жүгіну үшін ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен құрамы тақ мүшелерден тұратын апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының мүшелері және (немесе) ЖЖОКБҰ әкімшілік қызметкерлерін енгізуге жол берілмейді.

66. Апелляциялық комиссия білім алушыдан өтініш түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде онлайн-отырыстар өткізеді.

67. Апелляция нәтижелері өтініш берушіге бір жұмыс күні ішінде жеткізіледі.

10. Аралық және қорытынды аттестаттауға қатысушылардың жауапкершілігі

68. ЖЖОКБҰ басшысы:

- білім алушыларға, педагогтарға және басқа қатысушыларға қабылданған шаралар туралы арқылы ақпарат береді, оның ішінде қол жетімді байланыс арналары, ұйымның Интернет-ресурстары арқылы да хабарламалар жасайды;

- ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруға жағдай жасайды;

- педагогтарға, білім алушыларға және олардың ата-аналарына кері байланыс береді;

- педагогтар мен ұйымның басқа қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады;

- осы ұсыныстар негізінде аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруға жауап береді

69. Бірінші проректор мен академиялық сұрақтар жөніндегі проректорлар:

- осы ұсыныстар негізінде білім алушыларды аралық және қорытынды аттестациядан өткізуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастырады;

- оқу процесінің барлық қатысушыларын (білім алушыларды, педагогтар және басқа қызметкерлерді) жұмысты ұйымдастыру және аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы таныстырады;

- қашықтықтан технологияларды қолдана отырып, аралық және қорытынды аттестаттау процесіне әдістемелік қолдау және бақылау жүргізеді.

70. Декандар мен кафедра меңгерушілері:

- кестеге сәйкес қашықтықтан форматта аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз етеді;

- аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша бағалардың уақтылы қойылуын қамтамасыз етеді;

- қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, қорытынды аттестаттауды өткізу күні, уақыты және тәртібі туралы білім алушыларға, комиссия төрағасы мен мүшелеріне уақтылы хабарлайды;

- құжаттарды тексеруді және қорғауға жіберудің ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;

- қорытынды аттестаттау қатысатын білім алушылар тізімін ұсынады;

- қорғау, кешенді емтиханды өткізу тәртібі, ұзақтығы (регламенті), қорытынды аттестаттаудың бейнежазбасы туралы білім алушыларға нұсқаулық вебинар өткізеді;

- комиссия мүшелерін LMS немесе ЖЖОКБҰ пайдаланатын басқа жүйеде тіркеуді қамтамасыз етеді;

- комиссия мүшелерін қажетті материалдармен және қашықтықтан оқыту технологияларына қол жетімді болуы қамтамасыз етеді;

- қорытынды аттестаттау бейнежазбасының сақталуын қамтамасыз етеді.

72. Аттестациялық комиссия мүшелері:

- білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалайды;

- тиісті білім беру бағдарламасына сәйкес бітірушіге бакалавр немесе магистр дәрежесін береді;

- білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлейді;

- академиялық адалдық қағидаттарын ұстанады.

73. Техникалық хатшы:

- қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, кешенді емтиханға және диссертацияны (жоба) / магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға дайындық жасайды;

- білім алшыларға және аттестаттау комиссиясының мүшелеріне қорытынды аттестаттау жүргізу үшін таңдалған жүйемен жұмыс жасау бойынша дер кезінде нұсқаулық вебинар ұйымдастырады;
- қорытынды аттестаттауда қолданылатын қосылымдардың техникалық және бағдарламалық талаптарға сәйкестігін уақытылы тексереді;
- аттестаттау комиссиясы мүшелерінің онлайн дауыс беруін ұйымдастырады;
- қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша электрондық тізілімдерді толтырады;
- қорытынды аттестаттаудың бейнежазбасын жүргізеді;
- академиялық адалдық қағидаттарын ұстанады.

74.Білім алушы:

- педагогтармен, ғылыми жетекшісімен және комиссияның техникалық хатшысымен күнделікті байланыста болады;
- қол жетімді байланыс арналары арқылы аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу кестесімен және тәртібімен танысады;
- техникалық хатшының корпоративтік поштасы арқылы қорғауға қатысу үшін барлық қажетті құжаттарды ұсынады;
- академиялық адалдық қағидаттарын ұстанады;
- нұсқаушы вебинарларға қатысады.

Результаты согласования

04.05.2020 17:57:11: Тойбаев А. Ж. (Департамент высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний

04.05.2020 17:58:34: Сулейменова Ш. К. (Управление методологии и содержания высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний

04.05.2020 18:26:13: Дауленов М. М. (Руководство) - - согласовано без замечаний

04.05.2020 18:37:10: Байжанов Н. А. (Юридический Департамент) - - согласовано без замечаний